БУРАШОВ ШОҚАН УӘЛИХАНҰЛЫНЫҢ 8D04208 – «ҚҰҚЫҚ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD) ДӘРЕЖЕСІН АЛУ ҮШІН ДАЙЫНДАЛҒАН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДИССЕРТАЦИЯСЫНА
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын қорғауды жетілдіру мәселесінің өзектілігі білім сапасының заманауи талаптарға сай болуы қажеттілігімен және білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды елдің әлеуметтік дамуының негізгі факторларының бірі ретінде қамтамасыз етумен айқындалады. Білім беру саласында тұтынушылар құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіру мемлекеттік басқарудың өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, бұл фактор Қазақстанның стратегиялық мемлекеттік бағдарламалық құжаттарында – «Қазақстан-2050» стратегиясында, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында көрініс тапқан.

Әлем елдерінде білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнаманы жетілдірудің өзектілігі экономикалық және құқықтық сипаттағы бірқатар факторларды іске асыру қажеттілігімен – жалпы ұғымдар мен ережелерді тұжырымдамалаудан бастап дауларды реттеудің оңтайлы тетіктері мен тұтынушылар құқықтарын қорғау құралдарына, құқықтық регламентация мен реттеуге дейін – байланысты. Қазақстан Республикасында тұтынушылар құқықтарын қорғаудың біртұтас теориялық негізінің қажетті деңгейде болмауына байланысты тұтынушылар құқықтарын қорғау институтын қалыптастыру және ұлттық құқықты жетілдіру мәселесі аса өзекті болып табылады. Зерттеулер жүргізу барысында Қазақстанның заң ғылымында бұл мәселенің жеткілікті дәрежеде толық әрі жан-жақты зерттелмегені анықталды. Қазіргі уақытта тұтынушылар құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерінің жеткіліксіз әзірленуі осы жұмыстың негізгі бағытын айқындайды – тұтынушылар құқықтарын қорғаудың теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу, білім беру саласында тұтынушылар құқықтарын қорғаудың құқықтық проблемаларын шешу бойынша шаралар кешенін қалыптастыру және жетілдіру. Мысалы, «тұтынушы», «тұтынушының жауапкершілігі» сияқты базалық ұғымдардың нақты анықтамасы жоқ, өйткені олардың құқықтарының, мүмкіндіктерінің шектері және жауапкершілік деңгейлері белгіленбеген; өсімпұлды өндіріп алу және

моральдық зиянды өтеу сияқты қорғау тәсілдері құқықтық реттеуді талап етеді.

Тұтынушылар құқықтарын қорғау проблемаларының өзектілігі бірқатар ауқымды факторлардың – әлеуметтік-экономикалық, заң шығармашылық, құқық қолданушылық, доктриналық және өзге де факторлардың ықпалымен қалыптасады. Жалпы алғанда, қоғамда тұтынушылық қатынастар адам өмірінің барлық салаларын қамтиды; зайырлы қоғам және барлық азаматтардың құқықтарының теңдігі жағдайында тұтынушылардың құқықтық мәртебесінің әлеуметтік маңыздылығын бағалау елеулі қиындықтармен ұштасады. Мысалы, тұтынушылардың құқықтық проблемаларын шешу кезінде заңнаманы үнемі жаңарту қажеттілігіне ерекше көңіл бөлінеді: тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы тиімсіз және жеткіліксіз құқықтық реттеу тұтынушылық қатынастардың теориялық және практикалық аспектілерін кешенді зерттеуді талап етеді. Қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және тұтынушылардың құқықтық проблемаларын түбегейлі шешу үшін тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелерін заңнамалық тұрғыдан жетілдіру қажет, бұл тиімді құқықтық тетіктерді енгізудің негізі болып табылады. Білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі шешілмеген, жинақталған құқық қолдану практикасының проблемаларының болуына байланысты ерекше өзекті. Атап айтқанда, Қазақстанда тұтынушылық қатынастарды құқықтық реттеудің қолданыстағы жүйесі бірнеше жылдар бойы әкімшілік шараларға бағдарланып, іс жүзінде бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге қатыспаған; дауларды сотқа дейін реттеу институты жалпы қорғау жүйесіне әлсіз ықпалдастырылған; тұтынушылар құқықтарын қорғау қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасында ортақ міндеттерді бірдей түсіну жоқ.

Зерттеу объектісі – Қазақстанда білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын іске асыруға байланысты қоғамдық қатынастар, оларды ұлттық заңнамаға халықаралық стандарттарды имплементациялау және республиканың арнайы заңнамасын жаңғырту кезеңінде тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерді қабылдау болып табылады.

Зерттеу пәні – Қазақстан Республикасының білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңнама нормалары, зерттеліп отырған тақырып бойынша доктриналық зерттеулердің ережелері, сондай-ақ сот практикасында қалыптасқан ұстанымдар.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылық қатынастардың даму үрдістерін және тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнаманы қолдануды талдау.

Аталған мақсатқа сәйкес зерттеу жұмысының міндеттері: білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын қорғаудың құқықтық қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуының тарихи алғышарттарын қарастыру; Қазақстан Республикасында және таңдап алынған юрисдикцияларда тұтынушылық қатынастарды құқықтық реттеудің модельдері мен үлгілерін талдау;

халықаралық құқық нормалары мен тұтынушылар құқықтарын қорғаудың әлемдік тәжірибесін Қазақстан Республикасының ұлттық құқығына имплементациялауды талдау; білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын қорғау институтының теориялық-құқықтық негіздерін талдау; тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамамен реттелетін қатынастар субъектілері жүйесінің нормативтік-құқықтық бекітілуін талдау; білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құқық қолданудың тиімділігін негіздеу; білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын қорғау істері бойынша заңнаманы қолданудың және сот практикасының негізгі мәселелері, сондай-ақ даулардың алдын алу мәселелері бойынша сотқа дейінгі медиация арқылы авторлық ұстанымдарды әзірлеу.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнаманы қолдану мәселесіне арналған алғашқы кешенді теориялық және практикалық зерттеу болып табылады. Зерттеу білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Зерттеудің әдістемелік негізі. Зерттеудің негізгі гипотезалары халықаралық және ұлттық тұтынушылар құқықтарын қорғау нормалары мен қағидаларына, рим құқығының тарихи дереккөздерінен бастап халықаралық-құқықтық құжаттар мен танылған жаһандық стандарттарға (БҰҰ, ЭЫДҰ, Еуропалық директивалар), Қазақстан Республикасының тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы заңнамасына, сондай-ақ таңдап алынған юрисдикциялардағы құқықтық реттеу тәжірибесіне және Қазақстанда заңда көзделген тұтынушылар құқықтарын қорғау тетіктерін қолдану практикасына негізделген. Зерттеудің әдіснамалық негізін доктриналық дереккөздер, тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы халықаралық және ұлттық құқықтың нормалары мен ережелері, тұтынушылар құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі әмбебап және өңірлік халықаралық ұйымдардың жаһандық стандарттары құрайды. Зерттелетін объектінің ерекшелігі мен күрделілігін ескере отырып, пәнаралық тәсіл қолданылды. Зерттеу барысында жалпы ғылыми таным әдістері пайдаланылды: тарихи-құқықтық, талдау және синтез, логикалық, жүйелік, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы-құқықтық әдістер. Зерттеу процесінде ретроспективтік, құрылымдық-функционалдық, жүйелік-құрылымдық, формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және өзге де әдістер кеңінен қолданылды. Арнайы заңи әдістердің ішінде жүйелік талдау әдісі Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын құқықтық жүйенің біртұтас элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіс Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес нормативтік қаулылардың құқықтық реттеудегі рөлін айқындауға бағытталды. Тарихи-құқықтық әдіс Қазақстанда білім беру саласындағы нормативтік қаулылардың қалыптасуы мен дамуының эволюциясын зерттеу үшін қолданылды. Формальды-заңи әдіс нормативтік қаулылардың құқықтық табиғатын және олардың заңдық күшін талдауға мүмкіндік берді. Бұл әдісті қолдану сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес тұтынушылар құқықтарын қорғау істерін қарау нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін мемлекет және құқық теориясы саласындағы, конституциялық, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқық және басқа да құқық салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық еңбектері, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары, оқу әдебиеттері, монографиялық зерттеулер, диссертация авторефераттары, мерзімді баспасөз жарияланымдары, сондай-ақ статистикалық деректер, ақпараттық көздер мен сот органдарының ақпараттық ресурстарының материалдары құрайды.

Диссертатциялық зерттеу жұмысының нормативтік негізін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексін, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын және тұтынушылар құқықтарын қорғау нормаларын қолдануды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық негізін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының тұтынушылар құқықтарын қорғау істері бойынша ақпараттық ресурстарынан алынған деректер құрайды.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы. Осы зерттеу аясында алынған білім беру саласындағы теориялық-әдіснамалық және практикалық әзірлемелер білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнаманы жүйелеу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру кезінде енгізу және пайдалану үшін өзекті болып табылады. Зерттеу материалдары мен нәтижелері атқарушы билік органдары тарапынан білім алушыларды қабылдау және оқудан шығару (шығарып жіберу), түлектерді мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткізу, білім туралы құжаттарды беру, лицензиялау және мемлекеттік аккредиттеу рәсімдерін және басқа да мәселелерді регламенттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу кезінде, сондай-ақ ғылыми зерттеулерде және білім беру процесінде пайдаланылуы мүмкін. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары білім беру саласында тұтынушылар құқықтарын қорғау кезінде, білім беру қызметтерін тұтынушылардың құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін айқындау кезінде, соттарда олардың құқықтарын қорғау мәселелерін қарау кезінде, сондай-ақ конституциялық, азаматтық және азаматтық процестік, қылмыстық және қылмыстық процестік заңнаманы жетілдіруге бағытталған құқық шығармашылық қызметінде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Конституциялық құқық және азаматтық құқық» кафедрасында дайындалды. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары аталған кафедраның ғылыми семинарының кеңейтілген отырысында талқыланды.

Зерттеу нәтижелерінің жария етілуі. Диссертация тақырыбы бойынша 7 ғылыми мақала жарияланған. Атап айтқанда, 1 мақала Scopus дерекқорына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 3 мақала – Қазақстан

Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізбеге енгізілген журналдарда, 3 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жарияланған.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертацияның жалпы көлемі мәтін ретінде компьютерде терілген 180 бет құрайды. Диссертациялық жұмыстың құрылымы ғылыми зерттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Құрылымы бойынша диссертатциялық жұмыс нормативтік сілтемелерден, белгілер мен қысқартулар тізбесінен, кіріспеден, үш тарау мен сегіз параграфты қамтитын негізгі бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.